



Газет 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ



№5 (1392)
25 ақпан
2011 жыл

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН АПТАЛЫҚ ГАЗЕТІ

ЖОЛДАСБЕКОВТИҢ ДӘСТҮРІ ЖАЛҒАСЫН ТАБАДЫ

Ғалымқайыр МҰТАНОВ,
әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ-дың ректоры

Қазақ ұлттық университеті білім және ғылым саласында өзінің тарихын, дәстүрін, жетістіктері мен жетістіктерін мақтан тұтады. Қазақстан кадрларын дайындайтын негізгі білім ордасының тарихы мемлекетіміздің қалыптасуымен тығыз байланысты.

ҚазҰУ-да ғылым және мәдениет қайраткерлері, теориялық және тәжірибелік зерттеулердің жетекшілері Қ.Сәтбаев, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, Д.Сокольский және тағы басқа дарынды ғалымдар дәріс оқыды. Осылайша университеттің ғылыми мектебі құрылды. Ал бұл ірі ғылыми мектеп Өмірбек Арысланұлы Жолдасбековтің есімімен тығыз айланысты.

Ірі ғалым және көреген жетекші Ө.А.Жолдасбековтің іскерлігі университетке басшы болып келе салысымен жаңа білім және ғылым стратегиясын тұжырымдаудан басталды. Стратегия жоғары оқу орны жүйесін дамытуға орасан зор үлес қосып, Ө.А.Жолдасбековтің қолдауымен роботқұрастыру, математика және механика, мұнай өндіруші өнеркәсіп, биология, химия, геодезия салалары бойынша маңызды жаңалықтар ашылды. Оның ғылыми беделі, шығармашылық идеялары, ұйымдастыру таланты жаңа ғылыми мектептердің құрылуы мен санлақ ғалымдар тобының пайда болуына кең жол ашты. Әрбір жас зерттеушінің ғылыми әлеуетін көтеруге, оның әрі қарай дамуына және жаңа белестерге қол жеткізуіне қолдау көрсетілді. Ол өзінің дарынды қабілетінің арқасында халықаралық деңгейдегі мемлекеттің жаңа ғылыми тобын қалыптастыруға мұрындық болды. Өмірбек Жолдасбековтің «Ғылым



- өмірге» атты ұстанымы теория мен тәжірибені ұштастыратын нақты сенімі болды. Ол студентті университет табалдырығын атаған күннен бастап, өнеркәсіп пен халық шаруашылығы талап ететін шынайы ғылыми жобаларға тартып, барынша жағдай жасады.

Университеттің сәулет жүйесіне тұңғыш жол салушы Ө.А.Жолдасбеков өз ойларын шығармашылық түрде іске асырды, қазақстандық білім беру үкіметтік делегациясы құрамында жүріп шетел жоғары оқу орындарымен тәжірибе алмасты. Білім берудің озық әдістерін енгізуді іске асырды, әлемдік зерттеу орталықтары мен зертханаларының деңгейінде ғылыми жұмыстарды ұйымдастырды. Білікті басшы университет құрылымында терең білімді мамандарды дайындайтын жаңа факультеттерді, кафедраларды, зертханаларды, конструкторлық топтарды батыл түрде құра білді.

Әлемнің жетекші ғылыми мектептерінің атақты ғалымдарының қатысуымен ғылым саласы бойынша Бүкілодақтық съездің алғашқы отырысын өткізіп, оның Қазақстан мен шетел ғалымдарының арасында ғылыми көпір орнатуы тарихи құндылық деуге болады. Бұл университет профессорларына өзінің ғылыми еңбектері мен беделдерінің маңыздылығын сезінуге мүмкіндік бергендігін айта кету керек. Себебі олардың еңбектері әлемдік ғылыми ортада жоғары бағаға ие еді. Ал Ө.А.Жолдасбековтің халықаралық деңгейге батыл шығуы, шетел ғалымдарын бірлескен ғылыми зерттеу жұмыстарын жасауға тартуы — қазақстандық ғалымдарды ғылымның әлемдік аренасына шығаруға зор мүмкіндік жасады.

Дәл Жолдасбековтің ректорлығы кезінде Іле Алатауының бөктерінде университеттік қалашық салу идеясы жүзеге асты. Ол барлық қажеттіліктерді ескере отырып, сәулет жобасын өзі басқарды. Тау ауасы легінің үйлесімді қозғалысы, арнайы студенттер қалашығында өсірілген жасыл желектің егілуі басты назарда қаралып, оның тапсырмасымен университет биологтары денсаулыққа пайдалы жеміс беретін ағаш сұрыптарын терең зерттеді. Әр өскінді топыраққа орналастыруды Өмекеннің өзі бақылауға алғанын бүгінде мақтанышпен еске алуға болады. Сол кезде салынған жаңа ғимараттар, субұрқақтар, әдемі аллеялар мен жатақханалар бүгінде қала бағына айналып отыр.

Ө.А.Жолдасбеков шәкірттерінің бірі, бүгінде Білім және ғылым министрі Б.Т.Жұмағұловтың басшылығымен 2008 жылы университеттің жаңа заманауи келбеті одан әрі өркендеді. Небәрі екі жылдың ішінде үш жаңа оқу ғимараты, ҚазҰУ мұражайы, интернет-орталығы, спорттық база, субұрқақтар бой көтерді. Осылайша ағартушы-ғалым, жетекші реформатор Жолдасбеков қалдырған дәстүр замана тынысында өз жалғасын тапты.

ҚазҰУ бүгін — жаңа білім үлгісі, жаңалықтар жаршысы. Қазақстан тәжірибесінде бірінші рет университет толығымен халықаралық бағдарлама талаптарына сай келетін эксперименталды білім бағдарламасына көшті.

Ө.А.Жолдасбековтің инновациялық шешімдер мен коммерцияланған ғылыми технологияларды тәжірибеге енгізудегі ғылым және тәжірибені өзара үндестіру идеясы зерттеу университетінің моделіне сай келеді.

Бұл үрдіс университетте еліміздің индустриалды-инновациялық даму Стратегиясын жүзеге асырудың негізі ретінде және әлемдік ғылым тенденцияларына сай дамып отыр. Дәл қазіргі уақытта университеттің ғалымдары мен мамандары білімнің, ғылымның және өндірістің ықпалдасқан жолын іздеумен белсенді айналысуда.

Университеттің қазіргі басты бағыты — ел Президенті биылғы Жолдауында: екі жоғары оқу орны әлемдік үздік ЖОО рейтингісіне енуі қажет, ЖОО бес пайыз инновациялық қызмет атқарып және ғылыми зерттеулер нәтижесін өндіріске енгізу керек деп көрсеткеніндей, жүктелген міндеттерді жүзеге асыру болып табылады. Ал мұндай зерттеу университеті аясында ғылым мен білімнің тығыз бірігуі — болашақта мемлекеттің интеллектуалды элитасын, жоғары білікті кадрларын дайындауға, өз елінің патриоттарына қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Елбасының Жолдауда қойған міндеттерін атқара отырып, дәл осындай ЖОО адам капиталын дамытуға, сонымен бірге еліміздің экономикалық және әлеуметтік жаңаруында басты негіз болуы міндетті. Бұл әлеуметтік тұрғыдан жанғыру мәселелері қасиетті қара шаңырақ үшін де басты рухани және материалдық құндылық болып қалады. Осылайша, Ө.А.Жолдасбековтің идеясы заманауи бағытта жалғасын таба бермек.

Университеттің қазіргі басты бағыты — ел Президенті биылғы Жолдауында: екі жоғары оқу орны әлемдік үздік ЖОО рейтингісіне енуі қажет, ЖОО бес пайыз инновациялық қызмет атқарып және ғылыми зерттеулер нәтижесін өндіріске енгізу керек деп көрсеткеніндей, жүктелген міндеттерді жүзеге асыру болып табылады. Ал мұндай зерттеу университеті аясында ғылым мен білімнің тығыз бірігуі — болашақта мемлекеттің интеллектуалды элитасын, жоғары білікті кадрларын дайындауға, өз елінің патриоттарына қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Елбасының Жолдауда қойған міндеттерін атқара отырып, дәл осындай ЖОО адам капиталын дамытуға, сонымен бірге еліміздің экономикалық және әлеуметтік жаңаруында басты негіз болуы міндетті. Бұл әлеуметтік тұрғыдан жанғыру мәселелері қасиетті қара шаңырақ үшін де басты рухани және материалдық құндылық болып қалады. Осылайша, Ө.А.Жолдасбековтің идеясы заманауи бағытта жалғасын таба бермек.

Елбасының Жолдауда қойған міндеттерін атқара отырып, дәл осындай ЖОО адам капиталын дамытуға, сонымен бірге еліміздің экономикалық және әлеуметтік жаңаруында басты негіз болуы міндетті. Бұл әлеуметтік тұрғыдан жанғыру мәселелері қасиетті қара шаңырақ үшін де басты рухани және материалдық құндылық болып қалады. Осылайша, Ө.А.Жолдасбековтің идеясы заманауи бағытта жалғасын таба бермек.

Первый Международный Жолдасбековский симпозиум

1-2 марта 2011 года в Казахском национальном университете им. аль-Фараби пройдет Первый Международный Жолдасбековский симпозиум и торжественные мероприятия, посвященные 80-летию со дня рождения академика Умирбека Арыслановича Жолдасбекова — выдающегося ученого с мировым именем, организатора науки и образования Казахстана, видного государственного и общественного деятеля, основателя отечественной школы механики роботов, теории машин и механизмов. Организаторами симпозиума являются Министерство образования и науки РК, КазНУ и Национальная инженерная академия.

В симпозиуме примут участие министр образования и науки РК Бақытжан Жумагулов, ректор КазНУ им. аль-Фараби Ғалымқайыр Мутанов, аким г. Алматы Ахметжан Есимов, депутаты Парламента РК, представители общественности, известные ученые в области механики из России, Италии, Германии, Беларуси, Азербайджана, Украины, Узбекистана, Кыргызстана, руководители вузов и научных институтов, родные и близкие У.А.Жолдасбекова.

1 марта в 10.00 часов в КазГУграде состоится торжественное открытие памятника академику У.А.Жолдасбекову, а во Дворце студентов пройдет торжественное собрание, на котором будет показан документальный фильм об ученом.

Участники симпозиума смогут посетить специальную выставку, посвященную научному наследию У.Джолдасбекова, ознакомиться с изданным к юбилею сборником его трудов. В рамках симпозиума состоится открытие нового корпуса физического факультета КазНУ, а на филологическом факультете именной аудитории доктора филологических наук, профессора, академика ВШ РК Май Бағизбаевой, супруги Умирбека Арыслановича.

Научно-практическая часть симпозиума включает пленарные и секционные заседания, посвященные обсуждению проблем и перспектив развития теоретической и прикладной механики, механики сплошной среды, математического моделирования прикладных задач механики, научно-

технологических основ машиностроения Казахстана в рамках форсированного индустриально-инновационного развития экономики страны.

Большое значение в работе симпозиума придается вопросам развития международных связей, подготовки магистрантов и докторов PhD. В дни симпозиума пройдет Республиканский конкурс научных проектов школьников по математике и механике, который организован КазНУ совместно с РНПЦ «Дарын». Для студенческой молодежи и молодых ученых Казахстана всемирно известные ученые-механики из России, Италии, Германии прочитают «лидерские лекции».

Енлик АКЖИГИТ

Бәйкен ӘШІМОВ,
Социалистік Еңбек Ері

ДАРА ҚАЙРАТКЕР

Заман талаптарын санап өскен елде озық ой мен ақылды шешімдер, қашанда болсын ұлттың байлығы әрі адамзаттың құндылығы болып қала береді. Өмірбек Жолдасбеков те қазақтың ғылым көгінде өзінің өшпес ізін қалдырған ғалым. Көзінің тірісінде ол елінің, халқының құрметі мен махаббатын бір кісідей сезініп өтті деген ойдың айтылуы да кездейсоқтық емес. Академик азаматтың екінші бір үлкен қыры — Жоғары кеңесте, Парламентте депутат болып қызмет атқарған тұсында танылды. Халықтың мұң-мұқтажын жақсы білетін, заңдардың қағидаларының сан қатпарлы қыртыстарын терең ұғынатын және қазақ тілінің мәртебесі үшін тура сөйлеп, әділдік пен ақиқат үшін күрескен қайраткерлігі де тарих жылнамасында жазылып қалды. Ол шын мәнінде өз елі мен халқына адал қызмет еткен тұлғалы қайраткер болып ел есінде тұрады.

Әбіш КЕКІЛБАЙҰЛЫ,
Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік хатшысы

ӨРГЕ БАСТАР ӨНЕГЕ

Өмірбек Жолдасбеков — жиырма бірінші ғасыр мен үшінші мыңжылдықта қазақ азиятының алдынан шығар терең зерделілік пен іскерлік алғырлықтың, азаматтық қайсарлық пен күрескерлік табандылықтың, ізденімпаздық пен дәйектіліктің мейілінше қатал талабына жиырмасыншы ғасырда жүріп-ақ ойдағыдай жауап бере алған айтулы саңлақ еді. Талай ғасыр есесі кетіп, тауы шағылаған қазақ руханиятының талантымен тау жыға алған тарланы еді. Қазақ рухының нағыз Геркулесі еді. Оның қалдырған мұрасы әрідегі әл-Фараби мен берідегі Қаныш Сәтбаевтар асқақтатқан асқар биіктер сендірін аласартпай жалғастырып, оның көрсеткен өнегесі келешек ұрпақтар алар асқар асуларға қарай қаймықпай қанат қағар арман құсы боп алға самғай бермек.

Зейнолла ҚАБДОЛОВ,
академик

ОТ ЕДІ

Әуезов секілді ұлы ұстаздың көзінің нұры, сөзінің сыры дәстүр боп дарыған дана ҚазМУ талай таланттың ұшқан ұясы, қонған қиясы десек, сенің ректор кезінде күллі қабілет-күшінді, тірі пендеде сирек кездесетін аса шебер ұйымдастырушылық ісінді ел игілігіне жұмсап, он алты жыл ұдайымен қалай жанғаныңды, қалай жалындағаныңды көзімен көрген қарттар мен жастар түгіл, он алты қабат Бас ғимарат қабырғасына өз қолыңмен тастарға тіл бітіп, кәдімгі сол қара тастар сөйлеп — аңыз ғыш жатқандай қазір...



Шерхан МҰРТАЗА, Қазақстанның халық жазушысы

АКАДЕМИК – АРДАҚТЫ ҰҒЫМ

Қазір кім көп — арзан академик көп. Бұл — ғылымды арзандату. Ғылым — адамдарды бақытты етуді мұрат тұтады. Адамдарды азаптан құтқарады.

Нағыз ғалым Адамзат үшін қызмет етеді. Жалған ғалым, арзан академик тек өз қарнының қамы үшін ғылымның емшегін қанатып сорған ешкімер кесіртке сияқты.

Ал күні кеше Кеңсайдан мәңгілік мекен тапқан Өмірбек Арысланұлы Жолдасбеков болса, Қаныш Сәтбаев, Мұхтар Әуезов, Әлкей Марғұлан, Дінмұхамед Қонаевтардың ізін ала, сол алыптар қатарында тұратын нағыз академик.

Келешекте күрметтен күріш маржанын тазалап алу үшін Академиктер аллеясы ашылса, арыстан тұлғалы Өмірбек те сол сапта болары хақ.



Өмірбек БӘЙГЕЛДІ, ҚР Парламенті Сенатының депутаты

АЙРЫҚША ТАНЫЛҒАН ТҰЛҒА

Өмірден өткен әр адам өзінен кейін жаратылысы мен болмысына лайық із қалдырған. Өмірбек Арысланұлы Жолдасбеков халқына аумалы-төкпелі заманда еңбегі сіңген, сол бір тұста өзін тұлға ретінде көрсете білген азаматтардың бірі еді. Өмірбек Арысланұлы шынында да алғыр, табанды адам еді. Ол туғаннан басы болуға жаралған батыр кейіпті адам еді. Қай жерде болмасын жұрт оның айналасына жинала қалатын. Өзін тыңдата білетін, айтқанын қалай да орындата білетін адам еді. Ұзақ жылдар бірге араласып жүріп бұл кісінің бір де бір рет өз қамын ойлап, жеке басының тіршілігін айтқанын естімеппін. Үнемі елді ойлап, соның тіршілігіне қуанып жүруші еді.

Сұлтан САРТАЕВ, профессор

ҰЛЫ АЗАМАТ

Өмірбек Арысланұлы тек ғалым, педагог қана емес, ол халқымызға белгілі үлкен мемлекет қайраткері болды. Осындай ұлын сүйген халық оны ел Парламентінің алты рет депутаты етіп сайлады. Осы мемлекеттік жұмыста Өмекең қазақтың тәуелсіз мемлекетінің қалыптасуына өз үлесін барынша қоса білді.

Міне, осы еңбектерінің негізінде халқымыз Өмекеңді ұлы азаматтарының бірі деп таныды. Халқымыз Өмекеңнің адамгершілігін, айтқанынан таймайтын бір сөзді үлкен азамат болғандығын, ғұлама ғалымдығын, оның ұлы азаматтарымыздың бірі болғандығын еш уақытта ұмытпайды.

Әбдіжәмил НҰРПЕЙІСОВ,
Қазақстанның Халық жазушысы

НАРТҰЛҒА

Қазір ойласам, Тәңірінің өзі оны о баста жаратқанда жер басқан жұмыр басты пенденің ешқайсысына ұқсатпай, жеке басын даралап бөліп алып, тұлға тұрпатының өзін сом темірден шомбалдай соға салғандай екен. Тұла бойындағы бар қасиет оның ана мол пішілген палуан тұлғасына лайықтап бәрін ірі кесек қып жаратқандай еді. Дене бітімі қандай ірі, кесек болса, ақыл, парасаты, азаматтығы ересек ірі, кесек еді.

Бақытжан ЖҰМАҒҰЛОВ,
академик, «Отан» РСП
Төрағасының міндетін атқарушы

ҚЫРАН ҚАНАТ ҚАЗАҚ

Адамға ерекше қасиет, телегей-теңіз дарын, биік абырой, ерен атақ бергенде Құдай оның кескін-келбетін, болмыс-бітімін, тұр-тұлғасын, жүріс-тұрысын, кесімді сөзін, кесек ой-толғамдарын, алымы мен шалымын соған сай етіп жарататын көрінеді. Дәл осы қасиеттің бәрі қазақтың айтулы азаматтарының бірі, бірі ғана емес-ау бірегейі, аты атажұрттан асып, төрткүл дүниеге жеткен, білім беру ісінің білгірі, зиялылар арасында, шығыс дүниесінде ғылым әлемінің ең бір құпиясы көп, дөп баспасаң шу асаудай жалына қол апарта бермейтін инженерлік істің тамырын тап басып, талайды таңдандырып, жаңалық ашқан, алдыңғы толқынға аяулы іні, кейінгі толқынға ардақты аға бола білген, академик Зейнолла Қабдоловтың сөзімен айтсақ «Ұлы адамдардың өлген күні болмайды, туған күні ғана болатын» Өмірбек Арысланұлы Жолдасбековтің бойында бар еді.

Биік таудың асқар шыңдары алыстаған сайын айқыңдала түсетіні секілді, жер бесікке түскеніне жеті жыл, туғанына жетпіс бес жыл толып отырған алып тұлғаның, қайталанбас қадір-қасиетін, уақыт өткен сайын айқын аңғарып, терең түсініп келе жатқандаймыз.

Борис ГУСЕВ,
президент Международной
инженерной академии,
Герой социологического труда

ПОТОМКАМ ЕЩЕ ПРЕДСТОИТ ОЦЕНИТЬ ЕГО ВКЛАД

Пламенный патриот, ученый Умирбек Арысланович Жолдасбеков был одним из тех, чье имя олицетворяло всю науку Казахстана. Все крупные начинания в области механики связаны с его именем. Выдающийся ученый-механик, Умирбек Жолдасбеков внес значительный вклад в развитие науки, высшего образования, инженерного дела в Казахстане. Он — основатель научной школы по теории механизмов и машин в Казахстане, получивший мировое признание.

Асанбай Аскаров,
Герой Социалистического Труда

УМИРБЕК АРИСЛАНОВИЧ ДЖОЛДАСБЕКОВ

Говорят, что человек — гость на этом свете, следовательно, он должен прожить жизнь достойно. Одним из таких, который много сделал для народа и оставил неопенимое наследие для грядущего поколения, является Умирбек Арысланович Жолдасбеков. Много сделано для развития науки, что способствовало научным открытиям. Были созданы новые факультеты, подготовлено колоссальное число ученых кадров, квалифицированных специалистов для большого количества отраслей народного хозяйства. В этом большая его заслуга.

Умирбек Арысланович не был узковедомственным специалистом, а являлся государственным, политическим деятелем, крупным организатором высшего образования и науки, идеологом, воспитателем подрастающей молодежи, ученым широкого диапазона.

Мырзатай ЖОЛДАСБЕКОВ,
филология ғылымдарының докторы, профессор

АРЫСЫ ЕДІ АЛАШТЫҢ

Жайсаң жердің тауы көп болады, Өмекеңнің досы да дұшпаны да аз емес еді. Бірақ ол күллі адамзаттың баласын өзіне дос санаушы еді. Кең пейілдің, үлкен жүректің адамы еді. Ғылымның бағына, халқының пешенесіне біткен азамат, асыл ер еді.

Өмірбек Арысланұлы Жолдасбеков қысқа өмірінде ұзақ ғұмыр кешті, артынан байтақ мұра, өшпес өнеге қалдырды. Әлем таныған ұлы ғалымның, аса ірі қайраткердің, сом тұлғаның ендігі жерде өлмейтін жаңа өмірі басталды. Келешек ұрпаққа аңыздар адамындай болып жетеді. Аяулы, асыл ағайын есімі халқымен мәңгі бірге жасайды.

Материалдар «Академик Жолдасбеков» кітабынан және арнаулы басылымынан алынды



Академик — ардақты ұғым

... Өмірбек — асқар тау. Ол — тек ғылым қайраткері ғана емес, сонымен бірге қазақ топырағынан жаралған ұлы кемеңгер саясатшы. Республикаға Дінмұхамед Қонаев басшылық еткен дәуірде қалыптасып, сол заманның асылдарын бүгінгі уақытқа жалғастыру үшін аянбай қызмет еткен, барынша кемелденген қоғамдық, саяси, мемлекеттік қайраткер. Өмекеңнің қалдырған өшпес мұрасы — ұрпағына қажет тағылымдары, сабақтары мен үлгі-өнегесі.

XXI ғасыр — жаңа технологиялар ғасыры. Көрнекті ғалым-қайраткер Өмірбек Жолдасбековтің өлем ғалымдарын мойындатқан құрылғылары шетелдерде қызмет етіп тұр, басқа елдер бұл кісіге бас иіп қарайды...

...Ғылым сан-салалы, ал теория өмірде жаңа келген жүйелі, нақты ғылым саласының атасы — Өмірбек. Нақтырақ айтқанда, ғылымның оның ішінде өзі ойлап тапқан теория негізінде өмірге келер техникалар мен тетіктердің, қондырғылар мен механизмдердің адамзат баласына қолғабыс ететіні анық.

Хания ЕСДӘУЛЕТҚЫЗЫ,
Д.Қонаев және Ө.Жолдасбеков атындағы
мұражай директоры
Талдықорған қаласы
(«Жетісу» газеті. 19 ақпан 2011)



1-тұңғыш рет әлемде теңдессіз жоғары класты механизмдер теориясын ашты. Тұңғыш рет өз Отанында Инженерлік ғылым академиясын ұйымдастырды. Тұңғыш рет машинатанудан қазақ тілінде оқулық жазып, осы саланың терминологиялық сөздігін жасады. Ол 1970-1986 жылдар аралығында қазақ білімі мен ғылымының қара шаңырағы саналатын қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ректоры болды. Осы тұста оның ұйымдастырушылық қабілеті айқын көрінді. ҚазҰУ қалашығы бой көтергенде күндіз-түні басында жүрді. Қазір ҚазҰУ қалашығы десе — Өмірбек Жолдасбеков, Өмірбек Жолдасбеков десе — ҚазҰУ қалашығы көз алдында келеді.

Үстіміздегі жылы 1-2 наурызда көрнекті ғалым, ғылым мен білімнің ұйымдастырушысы, қоғам және мемлекет қайраткері, Қазақстандағы роботтар механикасы, механизмдер және машиналар теориясы мектебінің негізін қалаушы, академик Өмірбек Арысланұлы Жолдасбековтің 80 жылдық мерейтойына байланысты ҚазҰУ-да Бірінші халықаралық Жолдасбеков симпозиумы ұйымдастырылады. Симпозиум аясында ғалымның есімін есте мәңгі қалдыру мақсатында кейінгі ұрпақ пен академик шәкірттері ол негізін қалаған бірден-бір студенттік кампус — ҚазҰУ қалашығында ұлағатты ғалым, реформатор ұйымдастырушыға арналған ескерткішті салтанатты түрде ашпақ.

Бүгінде қайраткердің ғылыми шығармашылық өмір белесі, бағындырған асқаралы шыңдары, әлемдік және мемлекеттік деңгейдегі атқарған іс-шаралары туралы Қазақстанның бұқаралық ақпарат құралдарында еліміздің белгілі тұлғалары өз пікірлерін үзбей жариялап келеді. Сондықтан, өмірі өнегелі Өмекең туралы өзіміз сыр шерткеннен гөрі назарларыңызға сол танымал тұлғаларымыздың парасатты пайымдарын ұсынғанды жөн көрдік.

Казахстанская
ПРАВДА
Общественная ежедневная газета

Наставнику — от благодарных учеников

Академик АН РК, доктор технических наук, профессор, лауреат Государственной премии КазССР, заслуженный деятель науки КазССР Умирбек Жолдасбеков вошел в историю страны как крупнейший организатор науки и высшего образования, основоположник казахстанской школы механики машин. Создание этой научной школы — итог целенаправленной, кропотливой и длительной работы выдающегося ученого, всемирно признанного специалиста в области теории механизмов и машин, лауреата многих международных премий.

...Он постоянно ориентировал учеников на новые поиски, особо обращая внимание на создание универсальных методов исследования и использование их для решения прикладных задач...

...Мы, бывшие студенты КазНУ им. аль-Фараби, признательны ассоциации за благодарный шаг — идею увековечения памяти У.Джолдасбекова.

...Надеюсь, что, благодаря инициативам Ассоциации выпускников КазНУ им. аль-Фараби, имена выдающихся ученых, преподавателей, внесших большой вклад в науку и образование Казахстана, будут вписаны золотыми буквами в летопись истории нашей страны.

Николай ТУРЕЦКИЙ,
депутат Мажилиса Парламента РК, доктор юридических наук
(«Казахстанская правда» 22 февраля 2011 года)

Түркістан

Жақсының аты өлмейді

1 наурыз — академик Өмірбек Жолдасбековтің туған күні. Жер басып жүрсе, биыл 80 жасқа толар еді. Алпыстың бел ортасынан асқан шағында өмірден қапияда озды. Алайда артында сайрап ізі жатыр. Ұлты үшін толағай істерді тындырып, халқының сүйіспеншілігіне бөленген жан. «Ерназардың сегізі бір төбе де, Ертөстігі бір төбе» демекші, қазақ Кеңестер Одағы кезінде де ғалымдарға кенде болмады. Мүйіздері қарағайдай академиктер де аз емес еді. Олар таза ғылымға еңбек сіңірді. Ал Өмірбек Жолдасбеков ғылым үшін де, халқының игілігі үшін де аянбай еңбек етті. Қоржынның екі басын тең ұстады. Мұндай қайраткерлік екінің бірінің қолынан келе бермейді. Сондықтан халқы үшін оның орны бөлек, тұғыры басқалардан биік.

...Өмекеңнің Мәскеу ғалымдары арасындағы беделін естуші едім. Кейде маған сол әңгімелер аңыз сияқты көрінетін. Бір жолы инженерлік академияның Мәскеудегі жиналысына бірге бара қалдық. Жиынға анау-мынауларға басын бұра бермейтін атақты ғалымдар көп жиналды. Өмекеңді олар «Дядя Джо» дейді екен. Залға СССР Министрлер Советінің төрағасы Николай Иванович Рыжков еніп, аңдай жерде тұрған Өмекеңе барып қолын алып, қал-жағдай сұрасты. Сол жиналысты Одақтық инженерлік академияның президенті емес, Өмекең жүргізді. Өте жинақы жүргізді. Шашау шығарған жоқ. Сөйлеген ғалымдардың Өмекеңе деген ерекше ілтипаты көрініп тұрды. Жиыннан соң ғалымдарға банкет берілді. Онда да олар: «Все Джо знает» деп банкет отырысын Өмекеңе басқартты. Сол кездерде менің мерейім қандай өсті десенісің. Өмекеңнің атақтары жер жарған Мәскеу ғалымдарының арасындағы беделіне сүйсіндім. Мендегі аңыздың бәрі сонда ақиқатқа айналды...

Көлбай АДЫРБЕКҰЛЫ
(«Түркістан» газеті. 24 ақпан 2011 жыл)

АЙҚЫН

Қайталанбас қайсар тұлға

... - Айналайын, сендер еліміздің түкпір-түкпірінен білім қуып, болашақтарыңды ойлап, өмірге бір кірпіш болып қалансам екен деп армандап келген ұл-қыздарсыңдар! Мақсаттарыңа жетіндер! Ол үшін көп оқып, көп ізденіп, тәртіпті болыңдар! Біз сендердің жақсы білім алуларыңа толық жағдай жасаймыз!

Бұл - Өмекеңнің студенттерге деген шын жанашырлықпен айтылған сөзі болатын. Біз жаңа ректорымызға қатты риза болып, ұзақ қол шапалақтаумен, залдан тік тұрып шығарып салған едік.

Осы көрініс әлі күнге дейін көз алдымнан кетпейді. Ғұлама ғалым ағамыз сол күні мейлінше қамқорлығымен студенттер арасында биік беделін көрсете білді. Бұрын-соңды мұндай жанашырлықты, жарқылдаған алмас қылыш-тай өткірлікті университет басшыларынан байқамаған басымыз бір-бірімізге қарап: «қандай мықты кісі» деген танданыспен тараған едік...

...Өмекең туралы ойласам, құдай берген ғұмырын, уақытын тиімді пайдалана білген, үлкен жоспар құрып, оны атқарып үлгерген аса талант-

ты әрі еңбекқор адам көз алдыма елестейді...

...Қиын-қыстау кезеңдерде халықтың мұнын мұндап, жоғын жоқтады. Ұлтының өсіп-өркендеуі жолында бар күш-жігерін жұмсап, қажырлылықпен еңбек етті. Парламент мәжілісінің депутаты кезінде мәдени даму комитетін басқарып, еліміздегі білім, мәдениет саласының дамуына өлшеусіз үлес қосты. Депутаттардың күнделікті бас қосында ойлы пікірлер айтып, халықтың ойындағысын дөп басатын. Ол болмаған күні оның орны ойсырап тұратын. Халық үшін туған нағыз қайраткер азамат, академик, Инженерлік Академияның негізін қалаған математик, талай талантты шәкірт тәрбиелеген ұстаз Өмірбек Жолдасбеков көзі тірі болғанда 80 жасқа толар еді. Амал нешік. Өмекең өмірден озғанмен, артында өлмес ғылыми мұрасы, еңбектері қалды. Әлемдік деңгейдегі ғалымның есімі ешқашан ұмытылмақ емес, өйткені оның ел үшін сіңірген еңбегі ұлан-ғайыр.

Қайырбек АСАНОВ
(«Айқын» газеті. 24 ақпан 2011 жыл)

Казахстанская
ПРАВДА
Общественная ежедневная газета

Неукротимый дух стихии. К 80-летию выдающегося ученого, академика Умирбека Джолдасбекова

Стихией этого великого человека всегда была наука. И если мы говорим о стихиях, то его личность сопоставима с океаном. Есть люди, разум которых сравним с реками, бурными и тихими, есть «пюди-озера», глубокие и не очень. Но, вспоминая Умирбека Джолдасбекова, выдающегося ученого-механика, инженера, педагога, академика, напрашивается именно такое сравнение: «человек-океан». ...Он был поистине «генератором идей»: предлагал новые методы и принципы обучения, модернизировал, как сейчас принято говорить, учебные планы. По его настоянию, например, были введены структурно-логические схемы между общетеоретическими и специальными дисциплинами, которые он сам и разработал, став основоположником научной организации обучения в инженерно-технических вузах страны. ...Талант организатора и мудрость ученого Джолдасбекова проявились при создании Национальной инженерной академии Республики Казахстан. Он нашел новые формы взаимодействия государственных межотраслевых научно-инженерных центров и Межотраслевого научно-технического совета. Эти формы связи науки с производством наиболее полно отвечали требованиям научно-технического прогресса, тем экономическим и политическим преобразованиям, которые осуществлялись в Казахстане.

Динар НУКЕТАЕВА,
председатель Комитета по социально-культурному развитию Мажилиса Парламента РК
(«Казахстанская правда». 24 февраля 2011 года)



СУРЕТТЕР СӨЙЛЕЙДІ



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби
атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Дәрмен СМАЙЫЛ
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА
Редакторлар – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА,
Уәли ҚЫДЫРОВ
Беттеуші – Талғат АХМЕТҚАЗЫ
Фототілші – Алматы МҰХАМЕТЖАНОВ

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-35-20.

Газет редакцияның компьютер орталығында
теріліп, беттелді.
"Бизнес Информ" баспаханасында
(Төле би көшесі 108) басылды.
Тел.: 8 (727) 293-09-09

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы – 1000 дана.
Индексі 65989.
Тапсырыс №10127

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде тіркеліп,
№ 1242 куәлік берілген.